




«КЕЛІСЕМІН»

Мектеп директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
 А. Салхожаев

**«Шомшақты жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
математика, физика, информатика,
көркем еңбек пен музыка пәндерінің
әдістемелік бірлестігінің
2022-2023 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

ӘБ жетекшісі: Нургазиева А.

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік
бірлестік отырысының 2022-2023 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	күні	жауапты
I	Отырыс. 1.Әдістемелік нұсқау хатпен және оқу бағдарламасымен танысу. 2.Жаңа оқу жылындағы бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын және апталық оқу жүктемелерімен танысу 3.Күнтізбелік жоспарларды талқылау, бекіту	28 тамыз.2022 жыл	А.Нургазиева
II	Отырыс. 1.Жаңа оқу жылындағы, Kundelik.kz-пен жұмыс жасау 2. 2.Онкүндіктің жоспарын құру 3.Ағымдағы мәселелер	14-қыркүйек 2022 жыл	А.Нургазиева Н.Амирханова
III	Отырыс. 1.2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы жасалған жұмыстарға сараптама жасау. 2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс 3. «Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастыру» баяндама	16- қаңтар.2023 жыл	А.Нургазиева Д.Оразалиева
IV	Отырыс. 1.Оқу жылының білім сапасының сараптамасы 2.Оқушылар дәптерінің жағдайы. Оқушылар дәптеріне бірыңғай талап. 3. Ата-аналармен байланыс жұмысының деңгейі.	17-сәуір. 2023 жыл	А.Нургазиева Е.Рысбек
V	Отырыс. 1.«Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру» 2. 9,11 сынып оқушыларының тест жұмысының нәтижесін талдау 3. 5-11 сынып оқушыларынан бақылау, жазба жұмыстарын алу қорытындысы	20 мамыр. 2023 жыл	А.Нургазиева Н.Амирханова

Бірлестік жетекшісі:

А.Нургазиева

Хаттама № 1

Шомшақты жалпы орта білім мектебінің 2022-2023 оқу жылында математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Өтілген күні: тамыз, 2022 жыл

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 7

Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қаралған мәселелер:

- 1. Жаңа оқу жылындағы бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын**
- 2. Апталық оқу жүктемелерімен танысу.**
- 3. Күнтізбелік жоспарларды талқылау, бекіту.**

Тыңдалды:

1- мәселе бойынша: Бірлестік жетекшісі Нургазиева Айгул пән мұғалімдерінің 2021 -2022 оқу жылындағы апталық сағат жүктемелерін айтып, таныстырды. .

Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері бірлестігі мұғалімдерінің 2022-2023 оқу жылындағы сағат жүктемесі

1. Нургазиева А.- оқушылары аудандық байқаулардан, «Кенгуру» олимпиадаларынан орын алып жүрген, ұстаз. Бірлестік жетекшісі - 20 сағат берілді. Қашықтықтан оқу кезінде оқушыларын онлайн байқауларға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болды.

2.Оразалиева Д. - сарапшы- педагог, оқушылары аудандық байқаулардан, «Ақбота», «Кенгуру» олимпиадаларынан орын алып, еңбектері баспасөз беттерінде жарияланып жүрген, ұстаз. -18 сағат берілді. Қашықтықтан оқу кезінде оқушыларын онлайн байқауларға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болды.

3. Амирханова Н. – сарапшы- педагог, оқушылары қалалық байқаулардан орын алып, өзі де сайдтарға видео сабақтар жасап, еңбектері Facebook, Instagram парақшаларында жарияланып жүрген, тәжірибиелі ұстаз. 9-сағат

4. Төлегенов Қ - зерттеуші- педагог, оқушылары қалалық байқаулардан орын алып, өзі де сайдтарға видео сабақтар жасап, еңбектері баспасөз беттерінде жарияланып жүрген, тәжірибиелі ұстаз. 9-сағат

5.Рысбек Е. - педагог, оқушылары қалалық байқаулардан орын алып, өзі де сайдтарға видео сабақтар жасап жүрген жас маман. - 12сағат берілді. Қашықтықтан оқу кезінде оқушыларын онлайн байқауларға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болды.

6Аязбаева А. – сарапшы- педагог, оқушылары қалалық байқаулардан орын алып, өзі де сайдтарға видео сабақтар жасап, еңбектері Facebook, Instagram парақшаларында жарияланып жүрген, тәжірибиелі ұстаз. 9-сағат еңбек пәні бойынша.

7Салхожаев А. – сарапшы- педагог, оқушылары қалалық байқаулардан орын алып жүрген тәжірибиелі ұстаз. 9-сағат

8. Сардарбек А. – тәжірибелі ұстаз, 9-сағат

2- мәселе бойынша: Әдістемелік нұсқау хаттың өзгерістерін ескере отырып, жылдық жоспарларды жасалуын тапсырды.

Қаулы:

1.Әдістемелік нұсқау хаттың өзгерістерін ескере отырып, жылдық жоспарларды жасалуын қадағалауды бірлестік жетекшісіне тапсырылсын. Бірлестіктің жұмыс жоспарына өзгертулер енгізіліп, бекітуге ұсынылсын.

2.Әрбір өтілетін тақырыптар күнтізбедегі жоспарға сәйкес жүргізілуін қадағалау жетекшіге тапсырылсын.

Бірлестік жетекшісі:

А.Нургазиева

Хатшы:

Д.Оразалиева

Шомшақты жалпы білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылында математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Хаттама № 2

Өтілген күні: 14 қыркүйек, 2022 жыл

Қатысуға тиісті: 8

Қатысқаны: 8

Бастауыш сынып пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қаралған мәселелер:

1-мәселе: «Kundekik.kz» –пен жұмыс жасау

2-мәселе: Онкүндіктің жоспарын құру

3-мәселе: Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Бірлестік жетекшісі А.Нургазиева «Kundekik.kz» толтырылуына түсіндірме жұмыс жасады. «Kundekik.kz» мәселесіне ерекше тоқталып, ата-аналарды күнделіктің функцияларымен таныстырып, қалай дұрыс жұмыс жасау керектігін түсіндірді. Күнделік.кз-ті күнделікті толтырып отыру керектігін бірлестік мүшелеріне ескертті. Бірлестік мүшелері түсіндірме жұмысынан түйгендерін ортаға салып, өз пікірлерімен бөлісті

2-мәселе бойынша: Онкүндіктің жоспарын құру
Ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралардың тақырыптары айтылып, жоспар жасалды. Ашық сабақ күнтізбелік-тақырыптық жоспардан ауытқымай алынуы тиіс екені қатаң ескертілді.
Жарыссөзге мұғалімдер шығып, өз ойларымен бөлісті.

Н.Амирханова : 2022-2023 оқу жылындағы мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аудару керектігін ұсынды. • Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл; • Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл; • Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – 180 жыл;

Сабақтарда атаулы даталармен қоса маңызы бар жоғарыдағыдай мерейтой күндерін де сабақта айтып отуді ұсынды .

Қаулы:

1. «Kundekik.kz» өзгерістерін ескере отырып, жылдық жоспарларын жіне бағалауды күнделікті сабақ соңынан толтырып, қадағалауды бірлестік мүшелеріне тапсырылсын.

2.Әрбір өтілетін тақырыптар күнтізбедегі жоспарға сәйкес жүргізілуін қадағалау жетекшіге тапсырылсын.

Бірлестік жетекшісі:

А.Нургазиева

Хатшы:

Д.Ораазалиева

Хаттама № 3

Шомшақты жалпы білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылында Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Өтілген күні: 16-қаңтар 2023 жыл

Қатысуға тиісті: 8

Қатысқаны: 8

Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қаралған мәселелер:

1. 2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы жасалған жұмыстарға сараптама жасау.

2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

3. «Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастыру» баяндама

Тыңдалды:

1- мәселе бойынша: Бірлестік жетекшісі А.Нургазиева 2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы жасалған жұмыстарға сараптамасы туралы айтып өтті. Әр жазба жұмыстарының сараптамасы көрсетілді. Әр сыныпта тест жұмысының қорытындысы айтылды.

Оқушылардың мәнерлі, сапалы оқуына көңіл бөлуіне пікір алысты.

2- мәселе бойынша: Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

:Оразалиева : Қабылдауы баяу оқушылар әрбір сабақ кезінде қажетті көрнекі құралдармен, дидактикалық материалдармен, тарататын және көрсететін көрнекіліктермен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана өткізілген сабақтар өз мақсатына толық жетеді. Осы білімді меңгеру компоненттері баяу болғандықтан нашар оқушы шығады. Оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен. Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек.

Төлегенов Қ. сөз алып: Мұндай кемшілігі бар оқушыға оқулықтан арнайы тапсырмалар немесе қосымша тапсырмалармен жұмыс беріледі. Карточкамен жұмыс оқушыны жалықтырмайды, оқуға деген ынтасын арттырып отырады. Таным әрекетінің нәтижелілігі- ақыл ой әрекетінің даму дәрежесіне байланысты. Оның негізгі компоненттерінің қалыптаспауы үлгерімнің төмен болуының басты себебі болып табылады.

Үлгерімі төмен оқушылармен жеке-дара қосымша сабақтар өткізу ұйғарылды.

3- мәселе бойынша: Н.Амирханова «Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуда логикалық есептердің маңызы зор» атты баяндама оқыды. Баяндама бойынша сұрақтар қойылып, оны талқылады.

Қаулы:

1. II тоқсанның қорытындысы есепке алынып, білім сапасын көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Үлгерімі төмен оқушыларымен жұмыс жүргізуді сынып жетекшілеріне жүктелсін.
3. Осы жұмыстарды жоспарға сәйкес жүргізілуін қадағалау бірлестік жетекшісіне тапсырылсын.

Бірлестік жетекшісі:

А.Нургазиева

Хатшы:

Д.Оразалиева

Хаттама № 4

**Шомшақты жалпы білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылында
математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка
пәндері
бірлестігінің отырысы болып өтті.**

Өтілген күні: 17-сәуір 2023 жыл

Қатысуға тиісті: 8

Қатысқаны: 8

**Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка
сынып пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.**

Қаралған мәселелер:

- 1. Оқу жылының білім сапасының сараптамасы**
- 2. Оқушылар дәптерінің жағдайы**
- 3. Ата-аналармен байланыс жұмысының деңгейі**

Тыңдалды:

1- мәселе бойынша: Бірлестік жетекшісі А.Нургазиева 2022-2023 оқу жылының III тоқсанында жасалған жұмыстарға сараптамасы туралы айтып өтті. Әр жазба жұмыстарының сараптамасы көрсетілді. Әр сыныпта тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы айтылды.

Оқушылардың қатемен жұмыс жасап, сабаққа барынша көңіл бөлуіне пікір алысты.

2- мәселе бойынша: Оқушылар дәптерінің жағдайы

Математика және физика сабағында алған білімдерін жазбаша, сауатты, көркем көрсете білуде жазба жұмысының алатын орны ерекше. Олар сабақ құрылымының 3 түрлі мақсатына сай грамматикалық сауаттылығын тексеріп қана қоймай, есте сақтауын, көркем жазуын, ұқыптылығы мен өздеріне деген сенімін нығайтады. Математика пәні бойынша оқушылар 3 дәптер арнайды, оның 2 жұмыс дәптері, 1 бақылау дәптері. Дәптерлердің сыртын үлгі бойынша оқушылар өздері толтырады.

Физика сабағында 1 жұмыс дәптері және 1 зертханалық дәптері болады.

5-11 сыныпта оқушыларының математикалық сауаттылығын анықтау мақсатында 8-11- ақпан аралығында тест жұмыстары алынып, тексерілді.

Тексеруді математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка сыныптар әдіс бірлестігінің жетекшісі А.Нургазиева жүргізді. Тексеру барысында әр сынып оқушыларының дәптерлері тексеріліп, математикалық сауаттылығы орта екендігі анықталды.

Қаулы:

1. Жоғарыда тексерілген пәндерден қосымша сабақтар өткізілсін.
2. Төмен көрсеткіш берген оқушылар білімі ата-аналармен, сынып жетекшісімен бірлесе қолға алынсын.
3. Оқушылардың жұмыс дәптерлері үнемі тексеріліп отырсын

Бірлестік жетекшісі:

А.Нургазиева

Хатшы:

Д.Оразалиева

Хаттама № 5

Шомшақты жалпы білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылында математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Өтілген күні: 20-мамыр 2023 жыл

Қатысуға тиісті: 8

Қатысқаны: 8

Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қаралған мәселелер:

1. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка сыныптар бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары.
2. 9,11 сынып оқушыларының тест қорытындысы
- 3.5-11 сынып оқушыларынан бақылау жұмыстарын алу қорытындысы

1-мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Нургазиева сөз алды.

Оқушының біліміндегі олқылықтардың алдын алу және жою мұғалім жұмысындағы маңызды құрамдас бөліктердің бірі болып табылады және бұл жұмыстың қанағаттанарлықсыз сапасы оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою оқушы үшін іс жүзінде мүмкін болмайтын деңгейге дейін жиналуына әкеледі және ол тұрақты сәтсіздікке ұшырайды.

Сонымен қатар, оқушы бұрын өткен тақырыптар бойынша білім мен дағдыларға негізделген жаңа материалды игеру мүмкін емес. Мысалы, оқушы сабақта болған жоқ. Осының өзі педагогикалық проблема, ол мұғалімге ой салсын. Сенің жәрдемің қажет, оны тез арада өзінің немесе оқушылармен ұйымдастыр, сабаққа қатыспау себебін зерттеп біл. Қайтіп көмектесуді ойлан. Жаңа оқу жылының алғашқы күндеріндегі сынып жиналыстарында, әсіресе 5-сыныптарда олардың ата-аналарын, мектеп ережесімен таныстырып онда оқушы сабаққа қатыспаса, өтілген материалды өзінше оқып үйренуге міндетті екені жазылғанын түсіндіру керек. Оқушылардың білімін тексеруге міндетті. Оқушы сабаққа келмесе, ол сол күнгі өтілген тақырып бойынша, арнайы сынақ тапсыруы керек. Бұл кешанда мұғалім мен оқушыға заң.

Сабақта қолайлы атмосфера құруға арналған тапсырмалар, қосымша сабақтарға уақытында көмек көрсету және консультанттардың жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың енжарлығын жеңу және оларды белсенді іс - әрекет субъектісіне айналдыру үшін аудиториялық тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін өзгерту.

Шомшақты жалпы білім беретін мектептің математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка сынып мұғалімдері 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хаттың негізінде оқу жылының басында біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру және жою бойынша жұмыс жоспары жасады. Жұмыс жоспарының негізінде оқушылардың өткен оқу жылындағы алған білімдерін тексеру мақсатында 5-11 сыныптардың оқу пәндерінен әкімшілік диагностикалық бақылау жұмыстары алынды.

5-11 сынып оқушыларының білім сапасы

Оқу жылы	5-11 сыныптар	
	үлгерім	білім сапасы
2022-2023	100	52,8%

Ұсыныс:

1. Жақсы оқитын оқушылармен жұмысты жалғастыру;
2. Қосымша әдеби кітаптар оқыту,
3. Кітапхана сағаттарын ұйымдастыру;
4. Оқу жылдамдығы төмен оқушылармен ата-анасымен бірлесе отырып жұмыс өткізу.

Бірлестік жетекшісі :

А.Нургазиева

Хатшы:

Д.Оразалиева



«КЕЛІСЕМІН»

Мектеп директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары

A. Salhojaev А.Салхожаев


**«Шомшақты жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
математика, физика, информатика, және еңбек
пәндерінің әдістемелік бірлестігінің
2023-2024 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

ӘБ жоспарын түзген
бірлестік жетекшісі: Нұрғазиева А.

**Шомшақты жалпы орта білім беретін мектептің 2023-2024 оқу жылындағы
математика, физика, информатика және еңбек пәндерінің әдістемелік бірлестігінің
жылдық жұмыс жоспары**

р/с	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Қай жерде қаралады	Түпкі нәтиже
1	Өткен оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмысына талдау жасау және жаңа 2023-2024 оқу жылының мақсат, міндетін айқындау.	Тамыз	ӘБ жетекшісі	ӘБ отырысы	Хаттама
2	1. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. (Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.) 2. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын құру.	Тамыз	ӘБ жетекшісі	ӘБ отырысы	Хаттама
4	1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды даярлау, бекіту.	Тамыз	ӘБЖ, пән мұғалімдері	Директор жанындағы кенес	Хаттама
6	Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын жасау.	Қыркүйек	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
7	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлау.	Қыркүйек	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
9	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді анықтау, сабақтарына ену, талдау жасау.	Жыл бойы	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Талдау
10	Жас мамандармен жұмыс	Үнемі	ӘБ жетекшісі	ӘБ отырысында	Хаттама
11	Шығармашылық жұмыспен айналысатын мұғалімдерді анықтап, жұмысына талдау жасау.	ӘБЖ, пән мұғалімдері	Хаттама №4	ӘБ отырысында	Хаттама
12	Жиынтық бағалау нәтижелерін талдау	Үнемі	ӘБЖ	ӘБ отырысы	Хаттама
13	1. Мектепішілік пән олимпиадасына материалдар дайындау	Қазан	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
14	2. Аудандық олимпиадаға қатысатын оқушыларды анықтау, дайындық жұмыстарын жүргізу.	Жыл бойы	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
15	3. Қашықтық олимпиадаға мұғалімдерді және оқушыларды қатыстыру.	Кезінде	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
16	Оқушыларды ББЖМ және ҰБТ қорытынды аттестаттауға дайындау және талдау.	Жыл бойы	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
17	Мектепішілік математика, физика, информатика, пәндерінің апталығын ұйымдастырып, өткізу.	Сәуір	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
18	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен атқарылған жұмыстардың нәтижелерін қарау, талдау.	Сәуір мамыр	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
19	Оқушыларды аудандық олимпиадаға, түрлі байқауларға	Кезінде	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама

катыстыру. .				
Бірлестіктегі пән мұғалімдерін аттестаттауға ұсыну.	Мамыр	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
Мемлекеттік және сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандарының материалдарын дайындау, өткізу, нәтижесін қорытындылау	Мамыр	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама
22 ӘБ мүшелерінің мектепшілік рейтингісін жасау.	Мамыр	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ӘБ отырысында	Хаттама

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  Нургазиева А

**Шомшақты жалпы білім беретін мектептің математика,
информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка
бірлестік отырысының 2023-2024 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

№	Қаралатын мәселенің тақырыбы, мазмұны	Уақыты	Жауапты
1 – отырыс			
1	1.Өткен оқу жылындағы бірлестік жұмысына талдау. Бастауыш пән бірлестігінің жұмыс жоспарын бекіту 2. «2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен және жаңа мемлекеттік білім стандартымен танысу 3.Күнтізбелік,таңдау курстарының жоспарын бекіту 4.Жас мұғалімдермен жүргізілетін жұмыс жоспарын, дарынды үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту 5. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің даярлық жұмыстарын зерделеу.	Тамыз	А.Нургазиева
2- отырыс			
2	1.І– оқу тоқсанының қорытындысы, білім сапасы көрсеткіші 2.«5-11 сынып оқушыларымен қосымша сабақтар жүргізуді ұйымдастыру» / Баяндама/ 3. «Bilim class» жүйесінің уақытында толтырылуы 5. ОЖСБ, ҰБТ талдау	Қараша	А.Нургазиева Оразалиева Д. Бірлестік жетекшісі Бірлестік жетекшісі
3 – отырыс			
3	1. II оқу тоқсанның қорытындысы, оқу	Қаңтар	А.Нургазиева

	бағдарламасының орындалуы, толтырылу нәтижесі. 2. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәнінің 10 күндік пән апталығын жоспарлау 3. Мұғалімдердің электронды портфолиосын жасау «Jumys SmartNation»сайтына жүктеу 4. апталық		Н.Амирханова
4- отырыс			
4	Тақырыбы: 1. III оқу тоқсанның қорытындысы 2.«Информатика сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану» /Баяндама/ 2. 3.5-сынып оқушыларының жұмыстарының қорытындысы. 4. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәнінің 10 күндік пән апталығының қорытындысы.	Наурыз	Амирханова Н Нургазиева А. Н.Турсынбаева
5 – отырыс			
5	1.Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру 2.Жас мамандардың жетістіктер портфолиосымен таныстыру, тәлімгер есебі 3.Оқушылардың қорытынды бақылау жұмыстарының талдауы 4.Келесі оқу 2024-2025 жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау 5. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка бірлестігінің оқу жылында өткізген жұмыстарын қорытындылау	Мамыр	А.Нургазиева

Хаттама №1

2023 жылдың 28 тамыз күні Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пән бірлестігі мұғалімдерінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 8 мұғалім

Қатысқаны: 8 мұғалім

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен оқу жылындағы бірлестік жұмысына талдау. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пән бірлестігінің жұмыс жоспарын бекіту/ Нургазиева А./
2. «2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен және жаңа мемлекеттік білім стандартымен танысу.
- 3.Күнтізбелік,таңдау курстарының жоспарын бекіту
4. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің даярлық жұмыстарын зерделеу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Оразалиева Динара сөйледі.Өткен оқу жылындағы бірлестік жұмыстары жоспар бойынша атқарылды. 5 бірлестік отырысы болып өтті.Бірлестік отырысында Амирханова мен Оразалиеваның оқыған баяндамалары «жақсы» деңгейде аталып өтті. Жоспарға сай ашық сабақтар,тәрбие сағаттары өтіліп, отырыста талқыланды.

Жаңа 2023-2024 оқу жылына жасалынған бастауыш пән бірлестігінің жоспары таныстырылды. Әр айда бір рет бірлестік отырысы өтіледі. Мұғалімдер Қазақстан Республикасы Білім бөлімінің № 472 бұйрығында көрсетілген баяндамаларды әрбір отырыста оқып талқылайды. Жоспарда 5-11 сынып оқушыларының білім сапасын тексеру,математика, физика

дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі, вариативті сабақтар беру (Қызықты математика) тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысы, оқу сауаттылықтарын жоғары сынып оқушыларының байқау, сайыстарға, пәндік олимпиадаларға қатысулар қойылған.

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулықпен таныстырылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымшасы бойынша үлгілік оқу жоспарында «Көркем еңбек» пәні 5-6 сыныптарда екі пәнге бөлінді. «Еңбекке баулу» 1 сағат және «Бейнелеу өнері» 1 сағат.

ҚР білім берудің мемлекеттің жалпыға міндетті стандартана сәйкес жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында цифрлық сауаттылық 1 сыныпта 0,5 сағат, басқа сыныптарда 1 сағат жүргізіледі. 5-11 сыныптарда білім беру деңгейінің қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда вариативтік компоненттің оқу жүктемесі 5-11 сыныптарда 1 сағатты құрайды. Вариативті сабақтар математика сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған. 5-11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы 45 минуттан өткізіледі. Педагогтердің бір-бірінің сабағына жүйелі түрде қатысуы ұсынылды.

Оқу жылын 1 қыркүйек күні, яғни әр сынып жетекшісі «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттарын өткізеді. Сынып сағатының мақсаты балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Сынып сағатының міндеттері оқушыларға мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, өзара сыйластық қарым — қатынастарын дамыту, мейірбандылыққа тәрбиелеу. Алғашқы сабағымызды ыждағаттылықпен, көрнекі құралдар пайдаланып өтуіміз керек. Оқушыларымыз алғашқы сабағын көтеріңкі көңіл-күймен бастағаны абзал.

Үшінші мәселе бойынша барлық 5-11 сынып педагогтері толық күнтізбелік-тақырыптық, вариативтік курстарының жоспарларын жасап, (2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып) талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Пән кабинеттері жаңа оқу жылына дайын. Таза, көрнекі құралдар 5-11 сыныптарда тақырыпқа сай ілінген. Әрбір сыныпта сынып бұрышы, денсаулық бұрышы ұйымдастырылған.

Директордың оқу жөніндегі орынбасары, еңбек пәнінің мұғалімі Салхожаев А. сөйлеп «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің №472 бұйрығын басшылыққа алып, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, тәлімгер жоспарын, тәрбие жоспарын жасағанын айтты. Әдістемелік нұсқау хат пен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің №472 бұйрығын үнемі басшылыққа аламыз. Өзгерістермен де танысуда, 1 қыркүйек күні сынып сағатына дайындалып, жоғары деңгейде өткізетіндерін айтты. 1 сынып жетекшісі Майра апай 1 сынып құжаттарын да 1 қыркүйекке дейін толық жинастыратындығын жеткізді.

Бірлестік отырысының қаулысы

1. Өткен 2022-2023 оқу жылында атқарылған бастауыш пән бірлестігінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылып, жаңа 2023-2024 оқу жылына арнап жасалған бастауыш пән бірлестігінің жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып, жұмыс жасау педагогтерден талап етілсін.
3. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәні мұғалімдерінің күнтізбелік, вариативтік курстары, тәрбие жұмысының жоспарлары талқыланып, бекітуге ұсынылсын.
4. 1 қыркүйек Білім күні «Мектебім-мейірім мекені» сынып сабағына көрнекі, заманауи техникалық құралдар пайдалана өткізу пән мұғалімдерінен талап етілсін.

Бірлестік жетекшісі: Нургазиева А.

Хатшы: Оразалиева Д.

Хаттама №2

2023 жылдың 24 қараша күні математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пән бірлестігі мұғалімдерінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 8 мұғалім

Қатысканы: 8 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. I– оқу тоқсанының қорытындысы, білім сапасы көрсеткіші
2. «5-11 сынып оқушыларымен қосымша сабақтар жүргізуді ұйымдастыру» / Баяндама/
3. «Bilim class» жүйесінің уақытында толтырылуы
4. ОЖСБ, ҰБТ талдау

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі 1-тоқсан қорытындысымен таныстырды. 5-11 сынып оқушылары математика пәні бойынша білім сапасы 54,8 пайыз, физика пәні бойынша 53 пайыз, информатика пәні бойынша 62 пайыз көрсеткенін, мониторинг арқылы өткен оқу жылмен салыстырғанда жоғары көрсеткіш екендігі айтылды. 5-11 сынып мұғалімдері жекелеп сыныптарының білім сапасы мен үлгерімі төмен оқушылармен қандай жұмыс жасалып жатқандарын айтып өтті. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс нәтижесін талқылау барысында әдістемелік бірлестіктің әр мүшесіне тапсырмалар берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі Оразалиева Д. «5-11 сынып оқушыларымен қосымша сабақтар жүргізуді ұйымдастыру» тақырыбында баяндама оқып шықты.

Мектепте қосымша сабақ ұйымдастыру, сыныптан және мектептен тыс жалпы қосымша жұмыстары жатады. Онда сабақтың тізімдері, түрлері, сонымен бірге теориялық білімді меңгерудің мазмұны берілген. Қосымша

Баяндаманы талқылау барысында оқу-ісі жөніндегі орынбасары А. Салхожаев желтоқсан айында «Қазақтың ұлттық ойындарынан сайыс сабақ өткізу туралы ұсыныс айтылды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Bilim class» жүйесінің уақытында толтырылуы болатын. Бастауыш сынып мұғалімдеріне білім класс платформасын дұрыс толтыру және уақытылы толтыру туралы ескерту жасалды. Е.Рысбектің кеш толтыратынын атап өтті.

Жалпы әр істе жаңашылдық таныту, жауапкершілік иесі болу, оқушыларды оқыта отырып дамыту әр пән мұғалімінің парызы екенін сезініп, түсінуі тиіс.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе 9 және 11 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық деңгейін тексеру болатын. 9, 11 сыныптардың оқу сақаттылығы тексерілді. 9-сыныптарда міндетті деңгей 20 балл, 9 сыныбында 23 оқушы оқиды. Міндетті деңгей 5 оқушы, м үмкін деңгей 16 оқушы. Ең төмен оқитыны 2 оқушы.

ҰБТ бойынша оқушылар ақылы түрде тест сынамасын тапсырып шықты. Талдау нәтижесінде төмен балл алған оқушылармен қосымша жұмыстарды күшейту керек.

Оқушылардың дәптерлерін тексеру барысында сыныптағы оқушылардың дәптерлері толық екендігі анықталды. Дәптерлер тысталып, сырттары толық жазылған. Жалпы дәптер жүргізулері өте жақсы. мұғалім тарапынан уақытылы тексеру мен ескерту жазылып отырады.

9, 11 сыныптарының төмен балл алған оқушылармен жеке жұмыс жасау және қосымша тапсырма беру туралы ұсыныстар айтылды.

Қаулы етті:

Сынып оқушыларының білім сапасын арттыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылығы төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

«Bilim class» жүйесін уақытылы күнтізбелік тақырыптармен сәйкес, сынып тәрбие сағаттары жазыла толтыру барлық пән мұғалімдерінен талап етілсін.

ҰБТ, ОЖСБ тест қорытындысы бойынша төмен балл алған оқушылармен қосымша сабақтар жүргізілсін.

Қосымша сабақтар ақыл-ойының белсенділігіне сәйкес жүзеге асырылып, бірлестіктің пән мұғалімдерінен сабақтарында, сабақтан тыс қазақтың ұлттық ойындарын ойнату міндеттелсін.

Бірлестік жетекшісі :

А.Нургазиева

Хатшы:

Д.Оразалиева

Хаттама №3

2023 жылдың 24 қараша күні Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пән бірлестігі мұғалімдерінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7 мұғалім

Қатысқаны: 7 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. II оқу тоқсанның қорытындысы, оқу бағдарламасының орындалуы, толтырылу нәтижесі.
2. «5-11 сыныптарда математика мен физика пәндерін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану»
/ Баяндама/
6. Мұғалімдердің электронды портфолиосын жасау «Jumys Smart Nation»сайтына жүктеу

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі А.Нургазиева 2-тоқсан қорытындысымен таныстырды. Математика пәні бойынша білім сапасы 55,88 пайыз, физика пәні бойынша 54,6 пайыз, информатика пәні бойынша 62,23 пайыз көрсеткенін, мониторинг арқылы өткен оқу жылмен салыстырғанда жоғары көрсеткіш екендігі айтылды.

Жоғары сынып мұғалімдері жекелеп сыныптарының білім сапасы мен үлгерімі төмен оқушылармен қандай жұмыс жасалып жатқандарын айтып өтті. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс нәтижесін талқылау барысында әдістемелік бірлестіктің әр мүшесіне тапсырмалар берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша информатикапәні мұғалімі Амирханова Н. «5-11 сыныптарда математика мен физика пәндерін оқытуда

Математика пәнін оқытатын мамандарға қойылатын талап - жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

«Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. «Технология» гректің «techne» - өнер, шеберлік және «logos» - ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді.

«Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, яғни жаңалық енгізу, әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген.

«Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер» деген халқымыздың қанатты сөзі сындарлы тәсіл теориясымен астасып жатқандығы. Бүгінгі таңда оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістері мен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістері де жиі қолданылады. Мысалы:

- а) сұрақ-жауап;
 - б) суретті немесе көрнекілікті пайдалану;
 - в) тест
 - г) белгісіз санды толықтыру;
 - д) ребус жасау;
 - е) тест сауалдарымен жұмыс;
- Жанама жаңғыртып оқыту әдісі
- а) пікірсайыс (дебат) әдісі
 - б) коммуникативтік әдісі
 - в) драматизация әдісі
 - г) іскерлік әдіс
 - д) видео (бейне) арқылы сабақ беру әдісі
 - е) жобалы сабақ өту әдісі
 - ж) саралап оқыту әдісі т.б.

Оқу процесінде оқытудың озық технологиясын қолдану — бүгінгі күннің өзекті мәселесі:

Күтілетін нәтижелер: — пәнге деген қызығушылықтары мен белсенділігі артады; — шығармашылық жұмыстар арқылы ойын дамытады; — өздігінен іздене алады, ғылыми зерттеу жұмыспен айналысуға көмектеседі; — өзіне

деген сенімділігі қалыптасады; — жалпы алғанда оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейі артады.

Сөз соңында Амирханова Н. апай сабақта өзі қолданып жүрген әдіс-тәсілдімен бөлісті.

Турсынбаева Н. сөз алып 7 сыныптарда физика пәнін түрлі әдіс тәсілдерді қолданып сайыс түрінде өткізу тиімді екенін айтты. Сайыс сабақтарда оқушылар сабаққа белсене қатысып, қызығушылықтары артқанын атап айтты.

Қасымова Қ. сөз алып музыка пәнінен жаңа сабақтардың тақырыбын көрнекі құралдарды қолданып ашу керектігін айтты. Музыка сабағында жаңа тақырыптардағы мәтіндерді мұғалім емес көбіне оқушылар оқыса болатынын өз тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып жеткізді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе мұғалімдердің электронды портфолиосын жасау «Jumys Smart Nation»сайтына жүктеу мәселесі бойынша Нургазиева А. түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Портфолио:

- Мұғалімнің біліктілік категориясын көтеруіне, бекітуіне және оқу жылының қорытындысы бойынша марапатталуының;
- Педагогтың кәсіби шеберлігінің өсуі туралы ақпараттың көзі болып табылады.

Мұғалім портфолиосы файлдары бар арнайы папкада жасақталады. Портфолиоға салынған әр материалда күннің жады, яғни (уақыт) көрсетіліп отыруы тиіс. Портфолио құрамы әдістемелік бірлестік жетекшісінің немесе мұғалімнің өзінің алдына қойған міндеттері негізінде жасалады. Портфолионы электронды түрде де жасауға болады. Электронды түрі құжаттардың сканерлеген қосымша электронды кестелер, педагог пен оқушы жұмысының электронды файлдары (жобалар, сабақ түрлері және т.б.) түрде жасалынады.

Портфолио педагогтың сол білім мекемесінде жұмыс атқарған уақытындағы директордың орынбасарларының қатысуымен және өз күшімен жасақталады. Мұғалім өз портфолиосын ұжым алдында таныстыруына болады, бұл бір жағынан кәсіптік қызметінің қорытындысымен бөлісу болса, әрі жас мамандар үшін үлгі бола алады. 1 бөлім. Педагог туралы жалпы мәлімет. 2 бөлім. Педагогтың кәсіби жетістігінің нәтижесі.

Қаулы етті:

1. 8 сынып оқушыларының білім сапасы математикадан 36% екендігі атап көрсетіліп, педагогтен оқушылардың білім сапасын арттыру үшін жұмыстар жүргізу міндеттелсін.
2. Баяндамада атап өтілгендей математика және физика пәні мұғалімдері әрбір сабағын оқытуда жаңа инновациялық технологияларды қолданулары талап етілсін. «5-11 сыныптарда математика мен физика пәндерін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану» тақырыбындағы оқылған баяндамасы жақсы деп танылсын.
3. Жоғары сынып мұғалімдерінен оқушылардың танымдық ойлау қабілетін, сауаттылығын арттыру үшін мазмұндама, бақылау жұмыстарын жаздыру талап етілсін. Жоғары деңгейде жазылған бақылау жұмыстары мадақталсын.
4. «Jumys Smart Nation» сайтына тіркелмеген пән мұғалімдерінен құжаттарын әзірлеп, сайт ашылған кезде тіркелулері талап етілсін.

Бірлестік жетекшісі :
Хатшы:

А. Нургазиева
Н.Турсынбаева

Хаттама №4

2024 жылдың 20 наурыз күні Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пән бірлестігі мұғалімдерінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7 мұғалім

Қатысқаны: 7 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. «Информатика сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану» /Амирханова Н./
2. III оқу тоқсанның қорытындысы /Нургазиева А./
3. 5-сынып оқушыларының жұмыстарының қорытындысы.
4. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің 10 күндігінің қорытындысы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Амирханова Н. « Информатика сабағында ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі» тақырыбында баяндама оқып шықты.

Мектепті ақпараттандыру қазіргі білім беру мақсатына жету баланың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда балаларды оқытудың маңызды атрибуттарының бірі - компьютер.

Информатика пәнінде "Цифрлық сауаттылық" пәнінің ерекшелігін ескеру ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың маңыздылығын, оқу процесін оңтайландыру және оның нәтижелерінің сапасын арттыру үшін АКТ құралдарына жүгінудің орындылығын негіздеуге мүмкіндік береді. Цифрлық сауаттылық курсы оқытудың нәтижесі - жүйе қалыптастыру, компьютер компоненттері мен сабақ арасында өзара байланыс орнату, элементтерінің адамдардың еңбек қызметіне әсерін түсіну; адамның қоғамдағы ролін, әлеуметтік процестер мен құбылыстардың жалпы мәнін анықтау.

Цифрлық сауаттылық пәні күрделі, бірақ өте қызықты және танымдық.

Пәнге деген қызығушылық жоғалмауы үшін сабақты қызықты, шығармашылық негізде өту керек. Мұнда ақпараттық - коммуникациялық технологиялар көмекке келеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Нургазиева А. 3-тоқсан қорытындысымен таныстырды. 5-11 сынып оқушылары математика пәні бойынша 55,9 пайыз, физика пәні бойынша 54,48 пайыз, информатика пәні бойынша 60,03 пайыз көрсеткенін, мониторинг арқылы өткен оқу тоқсанмен салыстырғанда жоғары көрсеткіш екендігі айтылды.

Бірлестік мұғалімдері өз сыныптарының білім сапасы мен үлгерімі төмен оқушылармен қандай жұмыс жасалып жатқандарын айтып өтті. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс нәтижесін талқылау барысында әдістемелік бірлестіктің әр мүшесіне тапсырмалар берілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша 5- сынып оқушыларының бақылау жұмыстарының қорытындысы жайлы Нургазиева А. сөз сөйледі. Сынып оқушыларының лездік оқуы жақсы, 11 оқушы «жоғары» деңгейде оқитынын айтты. Математика пәнінен бақылау жұмысынан «қанағаттанарлық» дәрежені көрсеткені аталып өтілді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе **«Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәнінің 10 күндік қорытындысы»** туралы А. Нургазиева сөз сөйледі.

10 күндік барысында жоспарланған іс-шаралар, ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар толық өтіліп, орындалды. 10 күндіктің ашылу мен жабылуының өзі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда дамыған, жаңа технологияларды қолдана отырып жасағаны көрініп тұрды. Жоспар бойынша алынған ашық сабақтар жоғары деңгейде өтіліп, сабақтар мақсатына жетті. Барлық бірлестік мүшелері 10 күндік шараларына белсене қатысты.

Қаулы етті:

Бірлестік мұғалімдеріне сабаққа қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттыру үшін күнделікті сабақтарда АКТ құралдарын жүйелі қолдану жүктелсін.

Сынып оқушыларының білім сапасын арттыру, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

5-сынып оқушыларынан математика пәнінен бөлім бойынша жазба жұмыстары алынып, қатемен жұмыс жүргізу пән мұғалімі А.Нургазиеваға жүктелсін.

Жоғары балл жинаған оқушылармен жұмысты жалғастыру, төмен балл оқушылармен ата-анасымен бірлесе жұмыс жүргізу, қосымша сабақтар оқыту пән мұғалімдеріне міндеттелсін

Бірлестік жетекшісі:

Нургазиева А.

Хатшы:

Турсынбаева Н.

Хаттама №5

2024 жылдың 22 мамыр күні бастауыш пән бірлестігі мұғалімдерінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7 мұғалім

Қатысқаны: 7 мұғалім

Күн тәртібі:

- 1.«Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру»
/Нургазиева А./
2. 5-11 сынып оқушыларының ТЖБ талдауы
3. Бірлестік мүшелерінің оқу жылында өткізген жұмыстарын қорытындылау
4. Келесі оқу 2024-2025 жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау

Тыңдалды:

1- мәселе бойынша: Бірлестік жетекшісі Нургазиева А. «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру» туралы сөз сөйледі.

Әрбір сабақта оқушыларды уақытылы қолдау, оқудағы процесс, балаларды оқуға ынталандыру, білімдегі олқылықтарды анықтау және олардың оқу жетістіктерін көрсету мақсатында қалыптастырушы бағалауды пайдалану жүргізілді.

Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка мұғалімдері 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хаттың негізінде оқу жылының басында біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру және жою бойынша жұмыс жоспары жасады. Жұмыс жоспарының негізінде оқушылардың өткен оқу жылындағы алған білімдерін тексеру мақсатында 5-11 сыныптардың оқу пәндерінен әкімшілік диагностикалық бақылау жұмыстары алынды. Алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі бойынша әр сыныптан білімінде олқылығы бар оқушылар анықталды. Әр пән мұғалімі оқушылардың өткен оқу жылындағы білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарларын жасап, бекіттірді. Жұмыс жоспарлары бойынша қосымша сабақтар кестесі жасалып бекітілді, кестеге

сәйкес білімінде олқылығы бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Әрине, білімінде олқылықтары бар оқушыларға оқу қиын, бірақ қиын жұмысты жеңу бәріне белгілі. Сондықтан, оқу жылы артта қалған кезде, оқушылар әдетте жеңілістерімен байланысты жеңістерін еске алады.

Өз жұмысында оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюдың әртүрлі формаларын қолдана отырып, балалар оқуға белгілі бір қызығушылық тудырады, олардың жұмыс қабілеттілігі мен оқу деңгейі артады деген қорытынды жасай аламын. Әрине, әр мұғалім жоғарыда айтылғандардың барлығын өз тәжірибесіне қолдана алады, білімдегі олқылықтар кінә емес, көптеген оқушылардың проблемасы екенін есте ұстаған жөн, және біздің міндетіміз-балаларға білімде ақ дақтардың болмауын түсінуге көмектесу.

2- мәселе бойынша:

5-11 сынып оқушыларынан бақылау, жазба жұмыстарын алу қорытындысы бойынша бірлестігінің жетекшісі А.Нургазиева сөз сөйледі. Қателік жіберген оқушылармен қосымша жұмыстар атқарылсын.

Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка бірлестігінің оқу жылында өткізген жұмыстарының қорытындылай келе қанағаттанарлық деген баға берілді.

Осы оқу жылында жіберілген олқылықтарды жою және әр ұстаз жаңа оқу жылына міндеттеме қабылдады.

Қаулы:

1. Алдағы уақытта білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру үшін барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу жүзеге асырылсын.
- 2.5-11 сыныптарда математика және физика пәндерінен кемінде айына 1 рет тест жұмыстарын алу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.
3. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка бірлестігінің оқу жылында өткізген жұмыстарының қорытындылай келе жақсы деген баға берілсін.

Бірлестік жетекшісі:

А.Нургазиева

Хатшы:

Н.Турсынбаева

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры:


К. Каратаев



«КЕЛІСЕМІН»

Мектеп директорының оқу ісі

жөніндегі орынбасары


А. Нурмаханбетова

**«Шомшақты жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
математика, физика, информатика,
көркем еңбек пен музыка пәндерінің
әдістемелік бірлестігінің
2024-2025 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

ӘБ жетекшісі: Оразалиева Д.

**Помшақты жалпы орта білім беретін мектептің 2024-2025 оқу жылындағы
математика, информатика, физика, көркем еңбек пен музыка пәндерінің
әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Қай жерде қаралады	Түпкі нәтиже
1	Өткен оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмысына талдау жасау және жаңа 2024-2025 оқу жылының мақсат-міндетін айқындау	Тамыз	ӘБ жетекшісі	ӘБ отырысы	Хаттама
2	1.2024-2025 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру 2.2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын құру	Тамыз	ӘБ жетекшісі	ӘБ отырысы	Хаттама
3	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды даярлау, бекіту	Тамыз	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Директор жанындағы кеңес	Хаттама
4	Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын жасау	Қыркүйек	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
5	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлау	Қыркүйек	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
6	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді анықтау, сабақтарына ену, талдау жасау	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
7	Жас мамандармен жұмыс	Үнемі	ӘБ жетекшісі	ӘБ отырысы	Хаттама
8	Шығармашылық жұмыстармен айналысатын мұғалімдерді анықтап, жұмыстарына талдау жасау	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
9	Жиынтық бағалау нәтижелерін талдау	Үнемі	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдер	ӘБ отырысы	Хаттама
10	Мектепшілік пән олимпиадасының материалдарын дайындау	Қазан	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдер	ӘБ отырысы	Хаттама

	Аудандық пән олимпиадасына қатысатын оқушыларды анықта, дайындық жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
12	Қашықтық олимпиадасына мұғалімдерді және оқушыларды қатыстыру	Белгіленген уақытта	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
13	Оқушыларды ББЖМ және ҰБТ қорытынды аттестаттауға дайындау және талдау	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
14	Мектепшілік математика, информатика, физика, көркем еңбек пен музыка пәндер апталығын ұйымдастырып, өткізу	Қазан	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
15	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен атқарылған жұмыстардың нәтижелерін қарау, талдау	Сәуір-мамыр	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
16	Оқушыларды аудандық олимпиадаға, түрлі байқауларға қатыстыру	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
17	Бірлестіктегі пән мұғалімдерін аттестаттауға ұсыну	Мамыр	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
18	Мемлекеттік және сыныптан сыныпқа көшу емтихандарының материалдарын дайындау, өткізу, нәтижесін қортындылау	Мамыр	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
19	ӘБ мүшелерінің мектепшілік рейтингін жасау	Мамыр	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама
20	2024-2025 оқу жылындағы ӘБ пәндерінің жылдық есебін жинақтау	Мамыр	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	ӘБ отырысы	Хаттама

ӘБ жетекшісі: Д. Ораазалиева

**Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка
пәндерінің бірлестігінің әдістемелік
бірлестік отырысының 2024-2025 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

Жұмыс бағыты	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Әдістемелік отырыс № 1	1. Әдістемелік бірлестіктің 2024-2025 оқу жылындағы атқаратын жұмыстарына талдау. 2. Нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және үлгілік оқу жоспарын, бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру. 3. Күнтізбелік жоспарларын тексеру, бекітуге ұсыну. 4. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің 10 күндігін жоспарлау	Тамыз 27.08, 2024 ж	ӘБ жетекшісі м.у.а Амирханова Н. пән мұғалімдері бірлестік мүшелері
Жұмыс бағыты	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Әдістемелік отырыс № 2	1. Токсан қорытындысын талдау. 2. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка бірлестігінің іс-шараларын өткізілуін талдау. 3. Мектепшілік «Бастау» олимпиадасының материалдарын дайындап өткізу. 4. Баяндама. «Жоғары сыныптарда математика пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану» 5. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің 10 күндігін қорытындылау	Қараша	ӘБ жетекшісі Д. Оразалиева Пән мұғалімдері Турсынбаева Н.
Жұмыс бағыты	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Әдістемелік отырыс № 3	1. I жарты жылдықтың қорытынды есебі 2. Желтоқсан айында алынған ТЖБ, БЖБ жұмыстарының, оқу жылдамдығының қорытындысы. 3. Баяндама. «Үй тапсырмасына қойылатын талаптар» 4. Жоғары 5-11 сыныптарда оқушылар дәптерлерінің тексерілу жайы.	қаңтар	ӘБ жетекшісі Оразалиева Д. Пән мұғалімдері.

Жұмыс бағыты	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Әдістемелік жұмыс № 4	1. Үшінші тоқсан қорытындысы 2. Олқылықты жою жоспарымен жұмыс жүргізудің нәтижесі. 3. Баяндама. ОСЖБ, ҰБТ талдау 4. Оқушылардың физика, математика пәндерінің дәптерге қойылатын талаптары.	наурыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
Жұмыс бағыты	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Әдістемелік жұмыс № 5	1.5-11 сынытың сабаққа қатысуын, білім сапасын талдау. 2.4 тоқсан жылдық қорытынды. Әдістемелік отырыста бірлестік пән мұғалімдерінің рейтингін шығару. 3. Оқушылардың жеке іс-құжаттарын мектеп хатшысына алып тексеру 4. Сынып журналдары бойынша оқушылардың барлық пәндерден қорытынды бағаларының нақты қойылуын, оқу бағдарламасының орындалуын толық тексеріп, мектеп архивіне тапсыруға дайындау. 5. Келесі оқу жылына жоспар құру.	Мамыр	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері

Бірлестік жетекшісі:

Оразалиева Д.

Хаттама №1

**Шомшақты жалпы білім беретін мектепте 2024 жылдың 28 тамыз күні
Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка
пән бірлестігі мұғалімдерінің отырысы болып өтті.**

Қатысуға тиісті: 7 мұғалім

Қатысқаны: 6 мұғалім

Күн тәртібінде:

Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пән бірлестігінің 2024-2025 оқу жылындағы атқаратын жұмыстарына талдау.

«2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттар, бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.

Күнгізбелік-тақырыптық жоспарларын тексеру, бекітуге ұсыну

Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің 10 күндігін жоспарлау

Тыңдалды:

2024-2025 оқу жылына жасалынған Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пән бірлестігінің жоспары таныстырылды. Токсанына бір рет бірлестік отырысы өтіледі. Мұғалімдер «2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатпен танысып, отырыста оқып талқыланды. Жоспарда 5-11 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын тексеру, математика, физика дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі, вариативті сабақтардың берілуі (Қызықты математика) тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысы, сынып оқушыларының байқау, сайыстарға қатысулары, пәндік олимпиадаларға, 9-сынып оқушыларының ББЖМ-ге дайындығы, 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындығы, білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары қойылған.

«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық таныстырылды. 5-6 сыныптар үшін математика, 7-9 сыныптарда алгебра және геометрия, 10-11 сыныптарда Алгебра және анализ бастамалары мен геометрия курсы оқытылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығына 6-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11-қосымшасы бойынша (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарында «Көркем еңбек» пәні 5-6 сыныптарда екі пәнге бөлінді. «Еңбекке баулу» 1 сағат және «Бейнелеу өнері» 1 сағат.

Бастауыш білім берудің мемлекеттің жалпыға міндетті стандартана сәйкес жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында информатика сыныпты екі топқа бөлу сыныптапда 20 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады. Цифрлық сауаттылық 1 сыныпта 0,5 сағат, басқа сыныптарда

1 сағат жүргізіледі. Педагогтердің бір-бірінің сабағына жүйелі түрде қатысуы ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша барлық 5-11 сынып педагогтері толық күнтізбелік-тақырыптық, вариативтік курстарының жоспарларын жасап, (2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып) талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Бірлестік жетекшісі Оразалиева Д -19 сағат, Бейіндік орынбасар, математик Нургазиева А. 8сағат, Педагог-психолог, информатик 8 сағат, физика-математика мұғалімі Н.Турсынбаева 16 сағат, информатика мұғалімі Зиябеков Б. 12 сағат, еңбек пәні мұғалімі 8 сағат, еңбек пәні мұғалімі 8 сағат жүктемесі үлестірілді.

Пән кабинеттері жаңа оқу жылына дайын. Көрнекі құралдар 5-11 сыныптарда тақырыпқа сай ілінген. Әрбір сыныпта сынып бұрышы, денсаулық бұрышы ұйымдастырылған.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша 10 күндіктің жоспары жасалынды. Бекітуге ұсынылды. Ашық сабақтар күнтізбелік-тақырыптық жоспардан ауытқымай алыну ескертілді.

Бірлестік отырысы қаулы етеді:

1. Өткен 2023-2024 оқу жылында атқарылған Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пән бірлестігінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылып, жаңа 2024-2025 оқу жылына арналып жасалынған Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің 10 күндігін жоспарлау пән бірлестігінің жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып, жұмыс жасау педагогтерден талап етілсін.
3. математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндері мұғалімдерінің күнтізбелік, вариативтік курстары, тәрбие жұмысының жоспарлары бекітуге ұсынылсын.
4. 1 қыркүйек Білім күні «Мектебім-мейірім мекені» 1,9, 11 сыныптар шеруін өз дәрежесінде «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында сынып сабағына көрнекі, заманауи техникалық құралдар пайдалана өткізу пән мұғалімдерінен талап етілсін.

Бірлестік жетекшісі:

Д.Оразалиева

Хатшы:

Н.Турсынбаева

Шомшақты жалпы білім беретін мектептің 2024 жылдың 1 қараша күні математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің бірлестігі мұғалімдерінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7 мұғалім

Қатысқаны: 6 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан қорытындысын талдау.
2. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің бірлестігінің іс-шараларын өткізілуін талдау.
3. Мектепшілік «Бастау» олимпиадасының материалдарын дайындап өткізу.

4. Баяндама. «Жоғары сыныптарда математика пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану»

5. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің 10 күндігін қорытындылау

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Д.Оразалиева I-тоқсан қорытындысымен таныстырды. 5-11 сынып оқушылары математика пәні бойынша білім сапасы 55 пайыз, физика пәні бойынша 54 пайыз, информатика пәні бойынша 60 пайыз, мониторинг арқылы өткен оқу жылмен салыстырғанда төмен көрсеткіш екендігі айтылды.

Физика, информатика, математика пәні мұғалімдері жекелеп сыныптарының білім сапасы мен үлгерімі төмен оқушылармен қандай жұмыс жасалып жатқандарын айтып өтті. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс нәтижесін талқылау барысында әдістемелік бірлестіктің әр мүшесіне тапсырмалар берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Д.Оразалиева сөз алып қыркүйек, қазан айындағы өткізілген іс-шаралар туралы атты. 5-ші қыркүйек Ұстаздар күніне және 25-ші қазан Республика күніне арналған іс шаралар өз деңгейінде өтілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе мектепшілік «Бастау» олимпиадасының материалдарын дайындап өткізу болатын. Қазан айының жұлдызында мектепшілік «Бастау» олимпиадасы 3-ші қазан күні болып өтті. Мектепшілік олимпиададан математика пәнінен 7-ші сыныптар арасында 80 ұпаймен Тілеу Мейрамбек, Мекенбай Әсем информатикадан 85 ұпаймен, физикадан Тұрар Аяна 80 ұпай 1-ші орынды иеленіп, аудандық кезеңіне жолдама алды. 8-ші сыныптар арасынан математикадан

Исламханов Надырхан 85 ұпаймен, Машурыпхан Нұрбек 80 ұпаймен 1-ші орынды иеленіп, аудандық кезеңге жолдама алды.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі Н.Турсынбаева «5-11 сыныптарда математика пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану» тақырыбында баяндама оқып шықты.

Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Инновацияның өлшемдік бірліктері оқытудың әдістемелік мақсат-міндеттері, оқу үдерісі, оқытудың нәтижесін бағамдаумен анықталады. Оған болашақ маманның жүйелі оқу-тәрбие үдерісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен тығыз қарым-қатынас орнатып, біртұтас ғылыми педагогикалық үдерісті зерделеуі және сабақтың нәтижесі жоғары болуы үшін қажетті жаңа технологияны тандауы тиіс.

Келесі мәселе бойынша, математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің 10 күндігін қорытындылау жөніндегі жұмыстар жақсы деп есептелді. Жоспар бойынша алынған барлық іс-шара мен ашық сабақтар жоғары деңгейде өтті. 5-11 сынып оқушылары түгелімен қамтылды.

Қаулы етті:

1. Сынып оқушыларының білім сапасын арттыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
2. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің бірлестігінің іс-шараларын өткізілуі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Мектепшілік «Бастау» олимпиадасының жеңімпаздарын аудандық кезеңге дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін.
4. «Жоғары 5-11 сыныптарда математика пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану» тақырыбында баяндамасында айтылған инновациялық технологияларды қолдану математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің бірлестігінің мұғалімдерінен талап етілсін.
5. Математика, информатика, физика, көркем еңбек, бейнелеу және музыка пәндерінің бірлестігінің 10 күндігін қорытындылау қанағаттанарлық деп танылсын.

Бірлестік жетекшісі :
Хатшы:

Д.Оразалиева
Н.Турсынбаева